

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Акциздік өнімнің өндірілуі мен айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет төрағасының "Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге акциздік төлемді төлей отырып этил спирті сату тәртібі туралы" 2001 жылғы наурыздың 31-дегі N 42 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Акцизделетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет төрағасының 2001 жылғы 27 қарашадағы N 207 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1694. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 439 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.09.25 № 439 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Отандық өндірушілер өндірген этил спирті көлемдерінің қозғалысына бақылауды жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі мен айналымына мемлекеттік бақылау туралы" Z990429_1999 жылғы 16 шілдедегі Заңын орындау үшін

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Акциздік өнімнің өндірілуі мен айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет төрағасының 2001 жылғы наурыздың 31-дегі N 42 V011496_ бұйрығымен бекітілген Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге акциздік төлемді төлей отырып этил спирті сату тәртібі Ережелеріне мына өзгертулер енгізілсін:

4-тармақта екінші сөйлем алынып тасталсын;

8-тармақта "жүзеге асырылғанға дейін ең кемі үш күннен аспайтын" сөздері алынып тасталсын.

2. Комитеттің құқықтық қамтамасыз ету бөлімі (А. Лепесбаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін жүргізісін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Комитет төрағасының орынбасары Г. Толқымбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелу күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК